

## Шектеуді алу туралы

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 2 шешімі

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35, 37 - баптарына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі 339 "Ветеринария туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтың инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық - санитарлық инспекторының 2015 жылғы 09 сәуірдегі № 3-6/101 ұсынысы негізінде, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ш. Берсиев атындағы ауылдық округінің Күмсай қыстағындағы "Заңғар" шаруа қожалығындағы сарып ауруына сауықтыру жұмыстарының толық жүргізіліп аяқталуына байланысты қора жайларына қойылған шектеу 2015 жылдың 10 сәуір айынан бастап алынсын.

2. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 шілдеде № 3968 болып тіркелген Ойыл ауданы Ш. Берсиев атындағы селолық округі әкімінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 20 шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

*Ауылдық округ әкімі:*

*А. Мубараков*